



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

№37 (1861)
12 қараша
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

Жаһандық рейтингтегі айтулы жетістік



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне QS рейтингінің негізін қалаушы және президенті Нунцио Квакварелли арнайы келіп, ҚазҰУ басшылығы мен ұжымын жетістіктерімен құттықтады.

44-орынға ие болды. Сондай-ақ «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингінде бірінші орында тұр.

Салтанатты шараға QS рейтингінің негізін қалаушы және президенті Нунцио Квакварелли, ТМД және Орталық Азия елдері бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христоролюбов, университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Кездесуді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт

Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Нунцио Кваквареллидің табысты қызметіне тоқталды. «Нунцио Квакварелли QS жаһандық рейтингінің негізін қалаушы және басшысы. Жеке бизнесін бастамас бұрын, ол Ұлыбритания мен Италияда стратегиялық кеңес беру саласында жұмыс істеді. Кейін QS Education Trust коммерциялық емес қорын құрып, бір жылдан соң QS World University Rankings рейтингінің негізін қалады.

Жалғасы 2-бетте

Университет алғаш рет QS рейтингі бойынша Орталық Азиядағы ең үздік жоғары оқу орындарының тізіміне еніп,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетінің халықаралық қатынастар және бағдарламалар жөніндегі проректоры Неман Мурадлымен кездесті.

Жемісті ынтымақтастыққа бағытталған бастама



Тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады. Жансейіт Түймебаев Әзірбайжаннан келген меймандарды қарсы алып, білім ордасында атқарылып отырған жұмыстармен таныстырып, ғылыми жетістіктеріне тоқталды. Сонымен қатар Неман Мурадлыға шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізудегі университет тәжірибесімен бөлісті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүгінде алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен, институттармен ынтымақтастық туралы 500-ден астам халықаралық келісімге қол қойды. Осы келісімдер аясында түрлі оқу-білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар іске асырылып келеді. Солардың қатарында Әзірбайжанның жоғары оқу орындары бар. Бұл қатарда Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетімен серіктестік орнатуға ниеттіміз. Жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдаймын», – деді университет басшысы.

Өз кезегінде Неман Мурадлы Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университеті мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерін салатынын айтты.

Кездесу соңында тараптар ізгі тілектер мен естелік сыйлықтармен алмасты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Жаңа Қазақстанды қалыптастыруда ғылымның ықпалы зор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Ұлттық ғылым академиясы Әлеуметтану бөлімінің кезекті отырысын өткізді.

Жиынды ҚазҰУ ректоры, ҚР ҰҒА Әлеуметтану бөлімінің басшысы Жансейіт Қансейітұлы ашты. Спикер алдымен елімізде жүріп жатқан үгіт-насихат жұмыстарының маңызын атап өтіп, ғалымдарды саяси науқанда белсенділік танытуға шақырды.

«Бүгінгі өркениет өлшемі ғылым мен білімнің даму көрсеткішіне тікелей байланысты. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды қалыптастыруда, бәсекеге қабілетті қуатты экономика құруда



ғылымның ықпалы зор болуы тиіс», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ қазіргі уақытта Әлеуметтік бөлім мүшелері қо-

ғамдық және гуманитарлық ғылым салаларының көптеген бағыттары бойынша табысты жұмыс атқарып отырғанын айта келе, қоғамдағы әлеуметтік

проблемалар сан салалы терең зерттеулерді қажет ететінін алға тартты.

Жалғасы 2-бетте

Жаһандық рейтингтегі айтулы жетістік



Соңы. Басы 1-бетте

2010 жылы Квакварелли мырзаны АҚШ-тағы Diversity MBA журналы «50 жасқа дейінгі 50 үздік бизнес көшбасшыларының» бірі ретінде таңдаған болатын», – деді университет ректоры.

Сонымен қатар университет басшысы ҚазҰУ-дың соңғы жылдардағы жетістіктерін атап өтіп, халықаралық рейтинг қазақстандық жоғары оқу орындары үшін жыл сайын өз көрсеткіштерін жетілдіруге мүмкіндік беретінін жеткізді.

«Биылғы 8 маусымда жарияланған QS WUR жаһандық рейтингінің қорытындысы бойынша, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 150-орынға ие болды. Бір жылда Top-200 ішінде 175-орында тұрған университет 25 позицияға жоғарылады. Бұл біз үшін үлкен мәртебе, зор жауапкершілік. Бүгінде ҚазҰУ әлемдегі ең үздік 150 уни-

верситет қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Сондай-ақ QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» марапатын алған Орталық Азиядағы алғашқы және жалғыз университет. Бұл біздің ғалымдарымыздың, оқытушыларымыз бен барша университет ұжымының ұзақ жылдар бойғы және күнделікті тынымсыз еңбегінің жемісі», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде QS рейтингінің негізін қалаушы және президенті



Нунцио Квакварелли жылы қабылдағаны үшін университет ұжымына алғысын білдіріп, ҚазҰУ-дың жетістіктерін жоғары бағалады. Өз сөзінде ол QS компаниясының құрылу тарихы туралы қысқаша айтып, тәжірибесімен бөлісті.

«Рейтинг құрылған сәттен бастап біздің мақсат – адамдардың білім деңгейін және өмір сүру сапасын арттыруға ынталандыру. Бүкіл әлем бойынша Ұлыбританиядағы, Орталық Азиядағы және Америкадағы студенттер білім мен академиялық ұтқырлық арқылы өз өмірін жақсартуға деген ұмтылысты арттырады және біз оларға әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындары туралы салыстырмалы ақпарат беру арқылы осындай мүмкіндік береміз», – деді QS президенті.

Сонымен қатар Нунцио Квакварелли ҚазҰУ басшылығы мен ұжымын жаһандық рейтингтегі айтулы жетістігімен құттықтап, QS рейтингінде одан әрі ілгерілеуді тіледі. Сөз соңында Квакварелли мырза Жансейіт Түймебаевқа беделді рейтингтегі жоғары позицияларды растайтын сертификаттарды табыс етті.

Шара соңында Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға Әл-Фараби «Алтын медалін» табыстап, университеттің ғылыми-инновациялық жобаларын таныстырды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Жаңа Қазақстанды қалыптастыруда ҒЫЛЫМНЫҢ ҰҚПАЛЫ ЗОР



Соңы. Басы 1-бетте

Басқосуда сөз алған ҚР ҰҒА президенті, академик Мұрат Жұрынов ҚР Ұлттық ғылым академиясы қызметінің ерекшеліктері мен отандық ғылымды дамытудағы орнына кеңінен тоқталды. Өз сөзінде ғылымға арналған шығындар 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 1 пайызына дейін өсетінін тілге тиек етіп, жаңа Қазақстанда ғылымның тың қарқынмен дамуы күтілетінін жеткізді.

«Қазіргі таңда Қазақстанның халықаралық беделі жоғары. Елімізді әлем Кіндік Азияның лидері деп таниды. Алдағы жеті жылда еліміз көптеген жетістіктерге қол жеткізеді деп сенеміз», – дей келе, ғалымдар қауымын заман талаптарына сай жүйелі

ғылыми жұмыстарды жалғастыруға үндеді.

Бұдан бөлек, жиында ҚР ҰҒА академигі, тарихшы Мәмбет Қойгелдиев ұлт ұстазы А.Байтұрсынновтың шығармашылық мұрасы аясында қоғамдық-гуманитарлық ғылымды одан әрі дамыту бойынша баяндама жасады. ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, академик Кәрімбек Құрманалиев гуманитарлық ғылым мен тіл тұғырын үрдітудегі негізгі басымдықтарды талдады. Алқалы жиын барысында Әлеуметтік бөлім академиктері мен корреспондент-мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты талқылап, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Ғалым еңбектері түркі әлеміне ортақ қазына

Алматыда көрнекті әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері Тұрсынбек Кәкішұлының 95 жылдығына орай, өзі тұрған Шағабутдинов көшесіндегі №171 үйдің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды.

Іс-шараға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысып, ғалымның әдебиеттану саласындағы өлшеусіз еңбектеріне тоқталды. Өз сөзінде Жансейіт Түймебаев Тұрсынбек Кәкішевтің еңбектері қазақ ғылымына ғана емес, тұтас түркі әлеміне ортақ рухани қазына екенін атап өтті.

«Тұрсынбек Кәкішев кешегі Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің, ағартушы қазақ интеллигенциясының заңды ізбасары болды. Ғалымның ғылыми-педагогикалық еңбек жолы толықтай қара шаңырақ ҚазҰУ-мен байланысты. Филология факультетінде Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының меңгерушісі, профессор болып абыройлы қызмет атқарды. Қазақ тілі мен әдебиетін терең зерттеп, ұлы Абай мұрасы мен Ахмет Байтұрсынұнов, Мағжан,



Сәкен, Илияс, Бейімбет мұралары туралы іргелі еңбектер жазды. Мазмұнды монографиялар, оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар шығарды. Университет дамуына елеулі үлес қосып, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырып, білікті шәкірттер тәрбиеледі. Қайраткер ғалымның ұстаздық ұстанымы, ғылыми еңбек жолы бүгінгі жас оқытушылар мен студенттерге үлгі-өнеге», – деді Жансейіт Түймебаев.

Шарада Алматы қалалық мәдениет басқармасының басшысы Фани Майлыбаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құттықтау хатын оқып, ыстық лебізін жеткізді.

Өз кезегінде ақын, Тұрсынбек Кәкішұлының шәкірті Нұрлан Оразалин сөз сөйлеп, ұлағатты

ұстазын еске алды. «Тұрсынбек Кәкішұлы – саналы ғұмырын халқымыздың әдебиеті мен мәдениетін дамытуға арнаған көрнекті тұлға, қоғам қайраткері. Ол өзінен кейінгілерге мол әдеби мұра қалдырды», – деді Нұрлан Оразалин.

Сондай-ақ Әл-Фараби атын-

дағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті әдебиеттанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының мерейтойына орай, «Тұрсынбек Кәкішұлы және қазақ әдебиетінің тарихы мен сынын зерттеудің келелі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Шараның мақсаты – белгілі ғалым, қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішұлының мұрасын қазіргі заман тұрғысынан терең таныту, замандастары мен шәкірттерінің естеліктері арқылы ғалымның азаматтық және қайраткерлік қызметінің қазақ қоғамының әдеби-мәдени даму үдерісіндегі тарихи орнын айқындау, ғалымдық болмысын ашу.

Профессордың қазақ әдебиеттану ғылымын тың жаңалықтармен байытып, қазақ көркем сынының тарихы мен оның дамуы, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің, оның көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары жөнінде зерттеу жүргізгені атап өтілді. Ғалым Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, сәкентану ғылымының негізін қалады. Жоғары мектепке арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазды.

Конференция жұмысы барысында «Тұрсынбек Кәкішұлының ұлттық әдебиеттануды зерттеу мен зерделеудегі ұстанымдары», «Т.Кәкішұлы зерттеулеріндегі тұлғатану мәселелері» және «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сынын зерттеудің және оқытудың жаңа парадигмалары» бағыттары кеңінен қарастырылды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК,
Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



В КазНУ имени Аль-Фараби выступил с лидерской лекцией вице-декан Школы права Университета штата Пенсильвания Стивен Барнс. Почетного гостя приветствовал Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. В своей речи руководитель университета, представив лектора, отметил, что КазНУ взаимодействует с академическими учреждениями США в различных областях. На сегодня более 10 соглашений подписано с ведущими вузами, институтами, исследовательскими центрами, ассоциациями, неправительственными организациями США. В рамках соглашений успешно реализуются различные образовательные программы и научно-инновационные проекты. Вице-декан Школы права Университета штата Пенсильвания Стивен Барнс курирует программы LL.M. (магистр права), S.J.D. (докторская программа), программы обмена студентами и приглашенными учеными, прием и студенческие услуги для ежегодного международного контингента Университета штата Пенсильвания. Преподавал: Введение в американское право, Юридические исследования и письмо, Введение в международное экологическое право, Юридический английский, Контракты, Международное публичное право, Критическое мышление и письмо. Преподавал некоторые из этих курсов в качестве приглашенного профессора в Пекинском университете, Школе права Харбинского технологического института, Шаньдунском университете, Океанском университете, Пекинском университете иностранных языков и Северо-Западном университете политических наук и права.



«Я очень рад быть здесь сегодня с вами. Я как будто нахожусь в Нью-Йорке на Генеральной Ассамблее Объединённых Наций. Это

алгоритмов. Ну и конечно аль-Фараби, имя которого носит ваш университет. Все что он сделал в философии и музыке, можно назвать

первым языком для 40% населения штата. Чикаго является вторым городом с большим населением, разговаривающим на

Стивен БАРНС, вице-декан Школы права Университета штата Пенсильвания:

Казахстан - это место, где все началось

мой шестой визит в Казахстан. Я хотел бы рассказать вам немного о своем прошлом. Я четверть своей жизни прожил вне США, около семи лет в Китае, а сейчас две недели каждого месяца я живу в Осло, Норвегия и находится здесь для меня большая честь. Лично для меня, как выходцу из горного региона западной части Соединенных Штатов, когда я здесь в Алматы, в университете, я смотрю на горы и чувствую себя как дома», поведал профессор в начале своей лекции.

Перед тем как начать, я хотел бы рассказать вам о нашем университете. Наш университет был основан примерно в 1855 году. Президент нашего университета, женщина из Индии, она иммигрантка, я выходец страны иммигрантов. И при моем нахождении здесь в Казахстане, я получаю напоминание о том, что во многих случаях Центральная Азия является местом зарождения цивилизации. На мой взгляд, у США и Казахстана больше общего чем различий.

У нас есть выпускники из Казахстана. И один из них Самгат, выпускник КазНУ, которого я встретил семь лет назад в г. Кокшетау. Он не знал языка, но он очень много трудился в течение года, приехал в Университет штата Пенсильвания на программу Магистра права. Сегодня я здесь благодарю ему. Он так хорошо представлял Казахстан и ваш университет, что он вдохновил меня и Университет штата Пенсильвания, чтобы инвестировать и развивать отношения дальше. Мы уже обсудили некоторые вопросы с господином Ректором.

Прежде чем начать говорить о конституционном праве, я должен напомнить вам, что Центральная Азия – это место, где все началось. Когда я посещаю такие места как Индия, Узбекистан или Китай, убеждаюсь в том, что Америка – младенец, который еще ничего не сделал и еще ничему не научился. В том числе, когда я смотрю на ваш регион, анализирую тех ученых, которых произвела Центральная Азия, в том числе Казахстан. Например, Ибн Сина. Когда я иду к доктору, они косвенно связаны с Ибн Синой, отцом медицины. Аль-Хорезми основатель алгебры и

его представителям Ренессанса, даже до рождения Леонардо.

Соединенные Штаты могут быть самой молодой страной в мире, но верьте или нет, у нее самая старая Конституция. В начальной Америке было 13 штатов: от северо-востока страны до Флориды, и им нужно было решить, как управлять страной. И эти люди, которые стояли у истоков страны и создали эту конституцию, то есть рамочные правила, определили 3 главные функции Правительства. Во-первых, правительство должно создавать законы, так называемая законодательная власть, которая создает законы. Вторая функция правительства вводить в силу закон, удостовериться, что законы действуют и им следуют. Третья функция правительства – это толкование законов, и это относится к судьям. Первое, создавать законы, второе обеспечение соблюдения законов и номер три, толкование законов. Три базовые функции правительства. То, что первые создатели этой конституции определили функциями правительства в конституции из 12 страниц, первой своего вида, но мы должны их держать отдельно. Потому как, первые составители конституции, не хотели лидера в виде короля или хана или эмира, они не хотели, чтобы власть была в руках только одного человека. Вместо этого они определили 3 главные функции правительства, которые могли бы функционировать, но не один из них не имел высокую концентрацию власти. Они должны были быть конкурентоспособными. Вся власть не должна была сконцентрирована на одном. И это было началом Конституции и была инновацией, своего времени.

Также в конституции говорится о местном управлении, управлении штата и федеральном правительстве. Верховенствует над всеми федеральное правительство. Под ее управлением находится армия, торговля. Но в целом, Соединенные Штаты это как 50 стран Европы. Люксембург отличается от Италии, Италия отличается от Франции. Их религии, их языки, их культура разные и это то, что происходит в США. Например, в одном штате, например, как Аризона, Техас или Калифорния, испанский является



польском языке после Варшавы. В этом плане США как большой международный аэропорт. Федеральное правительство отвечает за армию, международную торговлю, но остальная деятельность оставляется на попечение штата. Но дальше все становится еще более запутанным, так как правительство штата делится на судополнительную, исполнительную и законодательную власть. Но если вы находитесь в Калифорнии или Пенсильвании или Техасе, у вас не будет много взаимодействия с национальным правительством, больше с правительством Штата. И это главное отличие того, что есть здесь. Например, в Караганде у вас те же законы, которые в Алматы, которые не отличаются от законов в Астане и так далее.

Но то, как создана Конституция, то есть первые 3 статьи, первые страницы этого документа на 12 страницах, представляя идею того, что есть три вида власти. Один создает закон, второй следить за его соблюдением и последний толкует его, это как три линии большой автострады. Кажется, что это все легко, если прочитать конституцию, она кажется простой. Три линии, три функции правительства, но в реальности Конституция очень запутанный и хаотичный документ. Так как, есть три вида власти, в которых ты пытаешься сохранить равномерную концентрацию власти на 33%. Поэтому нужен постоянный контроль над уровнем власти у каж-

дого, так как если этого не делать, то один будет верховенствовать над остальными. Конституция написана в такой форме, что говорит законодательной власти, следи за тем, что делает исполнительная власть и если она делает что-то не так, то вы можете назвать закон не конституциональным. Поэтому она хаотичная и она должна быть такой. Демократия, в целом, это очень запутанное дело. Нужно много времени чтобы исполнить что-либо, так как люди постоянно проверяют концентрацию власти на друг друга.

В Конституции США так же есть понятие «Закон о правах». Статья 1,2,3 говорят о том, как Правительство должно работать. «Закон о правах» – это дополнения или изменения в Конституции, но тем не менее имеет конституционную власть. В нем говорится о том, что эти права принадлежат гражданам, что эти права не идут от Правительству и они относятся к гражданам. Каждый, кто находится на территории США, даже если он не является гражданином США имеет право на свободу слова, свободу вероисповедания, свободу прессы, это все обозначено в «Законе о правах». Свобода вероисповеданий, например, в Америке есть представители почти всех религий и мусульмане, и христиане, зороастрийцы. Но штат не может оказывать никакой финансовой помощи религиям, так как не может показывать предпочтение к одной из них.

Итак, давайте будем честны, говоря про Конституцию. В 1789 году, когда она была составлена, она начиналась с фразы: «Мы – народ». Это сильная фраза, если она означает то, что означает. Но эта фраза была написана белым человеком во времена, когда владеть рабами всё ещё было легально. В те времена существовали законы, регулирующие рабство, а у женщин не было избирательного права. Тот документ был ещё очень далёк от идеала. На самом деле, на тот момент в Конституции ещё присутствовало множество ошибок. Но в Конституцию можно было вносить правки, её можно было изменять. Органы юстиции получили возможность пересматривать государственные законы вместе с федеральными законодателями для того, чтобы соответствовать требованиям времени. Но я вынужден сказать, что в Конституции было множество ошибок, это не идеальный документ. И она по-прежнему продолжает подвергаться изменениям со стороны органов юстиции. Существует механизмы, которые позволяют субъектам федерации взаимодействовать друг с другом. Иногда речь идёт даже о горячих спорах в суде, призванных помочь решить существующие вопросы. Но демократия бывает запутанной. Она сохраняла наше единство даже в годы Гражданской войны и преуспела в этом. Я считаю, что демократия по большей части преуспевает в сохранении нашего единства и по сей день. При этом Конституция по-прежнему считается амбициозным документом. В ней прописано то, кем бы мы хотели быть, как государство.

Я был с коротким визитом на одном из занятий, и один из студентов очень хотел узнать про нашу магистерскую программу в области юриспруденции. Хочу сказать, что одной из целей моего визита в ваш университет является разработка стипендиальной программы, которую мы хотим сделать доступной для всех удовлетворяющих критериям студентов, и в которую, возможно, будет также входить один сертификат на бесплатное обучение.

Ел мүддесі үшін жасалған қадам

Мемлекет басшысының биылғы Қазақстан халқына жолдауы бұрынғы жолдаулар, жарияланған мақалалардан бітімі бөлек болғанын анық байқауға болады. Мемлекет басшысы ел мүддесі мен ұлт болашағы үшін жасаған бұл жолдауында қазіргі таңдағы әлеуметтік маңызы бар бағыттарға өзгеше басымдық берді.

Жолдаудың бірінші бағдарында өндірілетін шикізат қаржысының ел игілігіне толық жұмсалмай жатқанын жасырмады. Сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті дамыту арқылы мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар жасалынып, кәсіпкерлер арасында жоғары деңгейде бәсекелестікті дамыту арқылы зауыт-фабрикалардың бәріне бірдей негізде мүмкіндік беруге ерекше мән берілді. Бағдардың елге ұнамды тұсы ұлттық табысты әділетті тұрғыдан теңдей бөлу болатын.

Осыған орай, нақты секторды дамыту бойынша жасалынатын жұмыстар белгіленді. Яғни геология саласында қордаланған ақпарат туралы бірыңғай мемлекеттік мәліметтер банкі құру барысын жеделдетіп аяқтау. Одан әрі еліміздегі маңызы бар эконо-

микалық аймақтарға арнайы инвестициялық жеңілдіктерді тарту мәселесі қозғалды. Мемлекеттегі маңызы бар ірі қорлардың бірі – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының мемлекет экономикасының негізгі салаларына бақылау жасайтын мажоритарлы үлесі бар инвесторға айналатынын айтты. Негізі, ол «Халықтық IPO» тәсілінде іске асатынын айтты.

Үшінші бағдардың басымдығын «мемлекеттің басты құндылығы – адам» екеніне Президент ерекше тоқталды.

Ел игілігі мен ұлт болашағы үшін жасалынған жолдаудың төртінші бағытында халықтың бос сөзден шаршағаны және осы тұрғыдан ел экономикасына түбегейлі серпілістер керек екені айқындалып, үкіметтің кейбір құзыреттерін елге қызмет



ететін министрліктерге берілуін нақтылады.

Ал елдегі салааралық мәселелерді жүйелі түрде нақты әрі нәтижелі тұрғыдан шешумен айналысуы қажеттігін үкіметке тапсырма ретінде жүктеді.

Мемлекет Президентінің халыққа арнаған жолдауының соңғы тармағында қоғамдық негізде заң үстемдігінің орнауымен сот төрелігінің әділ әрі нәтижелі түрде ел игілігі үшін атқарылуы қажет деді. Сонымен қатар елдегі «сот төрағасы» лауазымы «судья» болып өзгеретінін және де бар-

ша қазыларды жаңадан іріктеу керектігін тапсырды. Халықтың жылдар бойы күткен мәселелеріне де Президент нақты тоқталған болатын.

Бір сөзбен айтқанда, бұл жолдауды ел болып қолдау біздің болашағымыз үшін де, бүгінгіміз үшін де маңызды міндеттің бірегейі болмақ екенін біз де нақтылап айтқымыз келеді.

Жақыпбек АЛТАЕВ,

философия ғылымының докторы, профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінде А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен алаштанушы, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың «Абай жолы»: өмірлік және көркемдік шындық» тақырыбындағы көшбасшылық дәрісі өтті.

«Абай жолындағы» өмірлік және көркемдік шындық



Тұрсын Құдагелдіұлы өз дәрісінде М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы өмірлік және көркемдік шындық қалай өрілгені туралы мағлұмат беріп, нақты дәйек-дәлелдерге сүйене отырып, толық түсіндіріп берді. Ғалым сөзін былайша өрбітті: «Абай жолы» романында үш көркемдік шындықтың желісі бар.

Бірінші, романның әке мен бала арасындағы қайшылыққа құрылуы. Бұл әке мен баланың арасындағы қайшылық революцияға алып келеді деген сол кездегі идеологияның ықпалы. Бұл шындық емес.

Екінші, романға Абайды өсіретін қарама-қарсы күштер қажет болады.

Үшінші, Әуезов Абай бейнесі арқылы қазақтың жан дүниесін бүкіл әлемге танытатын еш кілтипансыз, кіршіксіз бейне жасағысы келді. Ол осы тұрғыда тарихи шындықты толық және еркін пайдаланды. Мені ойымша, қазіргі оқырмандарда бір қате түсінік бар. Өкінішке қарай, әдеби теоретиктеріміз де сол түсінікті ұстанады. Олар Абайдың өмірін «Абай жолы» эпопеясындағыдай етіп баяндап береді. Бұл сауатсыздық. Тарихи шындық біткен жерден көркем шындық басталады. Тарихи шындықтың басын қосып, көркем оқиғаға ұластырып, қиыннан қиыстырып баяндау – көркем шындықтың басты шарты. «Абай жолы» романында тарихи, өмірлік шындық ретінде өмірден алынған, өмірлік оқиғаны тура баяндайтын бірде-бір оқиға жоқ. Ал көркем шындық тұрғысынан алғанда «Абай жолының» бір сөзі де өтірік емес, нағыз тарихи көркем шындық. Ондағы баяндалған оқиғалар Абайдың тікелей өз басынан өтпегенімен де, Құнанбайдың басынан өткен, яғни көшпелілер өлемінде болған оқиға.

Келесі бір тыңдаушыларды ұйытып еліткен Қодар мен Қамқа оқиғасының романдағы желісі мен өмірдегі шындық қалай өрілгені туралы. Ғалым бұл Әуезовтің «Абай жолын» жазғандағы тап тартысы оның әке мен бала арасындағы тартысты көрсете отырып, Абайды шыңға алып шығудың бір жолы. Әрі баласын әкесіне қарсы қоя отырып сол Әуезов: «Қодар-Қамқа оқиғасын Абай естіген болуы керек», – деп топшылайды. Жазушы бұл оқиғаны оқырманның көңілін өзіне аударып, Абайдың жанын түршіктіретін қоғам қайшылықтарын көрсету үшін беріп отыр. Сол себепті де бұны Абайдың өз басынан өткізіп отыр.

Атақты жазушы, көрнекті ғалым, абайтанушы һәм әуезовтанушы Тұрсын Жұртбайдың дәрісі өте қызықты және мәнді де мағыналы өтті. Дәріс соңында тыңдарман қауым көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды.

Шайгүл РАМАЗАНОВА,

А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті

Кәсіби тұрғыда қалыптасуды қадағалау керек

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында Қазақстан халқына еліміздің мемлекеттік басқару ісін жаңғырту, экономиканы дамыту, бизнес, білім және ғылым, мәдениет салаларына баса назар аударды.



дағдылануы керек. Оған біздің университетіміздің әрбір ғимаратында толықтай мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында Smart Health UniverSity диагностикалық орталығының қызметін толықтай пайдалануға мүмкіндік бар.

Ең маңызды мәселе – білім беру жүйесі. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақ «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген сөз бар. Сондықтан орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Осы мақсатта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды және жаһандық ғылыми-техникалық даму қарқынын ескеріп, «жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызы», – деді. Бұл өте қуа-

нарлық жағдай, себебі жоғары оқу орындарында білім алатын студент орта мектептен түлеп шығады, ал мектептен жағдайы жасалып, іргетасы дұрыс қаланған шәкірт әрі қарай тәрбиемен қатар, білім, ғылымға деген ынтасы зор болады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде.

Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын, ондағы білім алу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Оның көлемі 30-дан 100 пайызға дейінгі аралықта болады. Сонымен қатар білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де берілетіні айтылды.

Сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажет. Осыған орай, «Ғылым, денсаулық сақтау,

өндіріс, IT салаларының білікті мамандарына жеңілдік жасалады», – деді Мемлекет басшысы. Бұл ретте біздің университетімізде білікті ұстаздардан білімді мамандар даярланып жатқанына сенімдімін.

«Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Жастар нақты бір мамандықтың қырсырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек», – деді халыққа арнаған жолдауында Президент Қ.Тоқаев.

Біздің міндетіміз – жас ұрпаққа сапалы білім беру, еңбекке баулу. Сөйтіп, болашақ маманның кәсіби тұрғыда қалыптасуына негіз қалау. Ол үшін тәжірибеге көңіл бөлгеніміз жөн. Бүгінгі студент жоғары оқу орнынан білікті маман болып шығуы қажет. Өйткені мұндай алғышарт университетімізде бар және біз қазір соған бар әлеуетімізді жұмсап жатырмыз.

Гүлбану ЖАҚСЫЛЫҚОВА,

химия және химиялық технология факультетінің доценті, х.ғ.к.

Шерағаң шығармалары шеберліктің үлгісі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның 90 жылдығын лайықты атап өтті. Журналистика факультетінің ұйымдастыруымен өткен «Жаңа Қазақстан және Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы әділетті қоғам идеясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жазушының сан қыры жан-жақты сарапталды. Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзінде әдебиетте де, журналистикада да, саясатта да Шерхан Мұртаза өз жолын тапқанын айтты. Университет профессоры Қансейіт Әбдезұлы баяндама жасап, Шерағаңның үзеңгілестері, замандастары, әріптестері және шәкірттері жүрекжарды жылы лебіздерін білдірді.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, филология ғылымының докторы:
– Шерағаң қазақ әдебиетінің ақтаңгері, соңғы алпыс жыл бойында шығармашылығына шаң тигізбей, тек қана жақсы дүниелер жазды. Мейлі, очерктері, эсселері болсын, әңгіме, повесть, романдары болсын, драмалары болсын, оқырмандар жүрегіне

Кеңестің сессия залында болатын аламан-дода, қызу айтыстардың, әсіресе елдік ұғымдар тартысқа түсер сәттерінде депутат Мұртазаның ат басын іріккен кезі жоқ. Ойын күлтелемей, тура, ашық айтуы және өзінің қасиетті ана тілінде айтуы жұрт көңілін талай-талай риза қылғаны есімізде.

Өйткені бұл сөздердің қай-қайсысы да депутаттың, әйтеуір, «пәленше үндемей отырыпты»



бастап, өзі бас болып жазды. Журналистермен қатар, авторлар да қатыса бастады. Әдетте кәсіліп жазып үйреніп қалғандардың мақаласының ішіндегі дәнегін алып, «Бір ауыз сөзге» айналдырып жіберген кездер де болды. Сөйтіп, бізге етек-жеңімізді жиып, шағын жазудың да үздік үлгісін көрсетті. Соның әсері болу керек, кейде көлемді деген дүниенің өзі тез оқылатын. Бұл кісі қанша қатал болса да, жақсы мақала жазған адамға жылы сөзін аямай, әсіресе қатардағы тілшілерді өзімен тең ұстауға тырысатын. Қысқасы, Шерағаңдай адамдардың сол тұлғалық биікке көтерілгеніне осы бір қарапайым мысалдардың өзі жеткілікті дәлел. Сондықтан тұлғаларға қайта оралып, оның беймәлім қыр-сырын ашып отыру – біздің міндетіміз. Егер шындықты жазуда, ақиқатты айтуда қызармайтын бірлі-жарым адам болса, соның бірі – осы кісі.

Абдылдажан АҚМАТАЛИЕВ,
Қырғыз Республикасы ҰҒА-ның Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының директоры, ф.ғ.д., академик:

– Жамбыл облысындағы Жуалы төрі – Шерхан Мұртазаның туған топырағы болса, содан қозықш жерде ғана Шыңғыс Айтматов айылы тұр. Шыңғыс Айтматовты төл перзентіндей көріп,



төбесіне хан көтеретін Қазақияда оның насихаты бәрінен де асып түседі десек, ақиқаттан онша алыс кетпегеніміз. Ел құлағын елең еткізген «Жәмиладан» бастап, айтматовтану толастаған жоқ. Оған деген қазақ оқырманының ықыласы мен сүйіспеншілігі орасан.

Шерхан Мұртазаның парасаты прозашы, сөз сүйейі, уәлі уәжгер (публицист) екені айтылып жүрсе де, аудармашылығы салықалы әңгіме болған емес. Бұл өнерді де өгейсітпей игеріп өкет-

ті. Мәскеудегі жоғары оқуды бітіріп келген жас маман әуелі елеңнен бастап, әдебиет әулиеханасының есігін жасқана ашқан жігіт бірте-бірте жанқиярлық күреске араласты.

Ол шығармашылықтың қайнаған қара қазанының құлағын алыптар тобымен бірге ұстады. XX ғасырдың соңғы ширегінде «Мылтықсыз майдан», «Қара маржан» жазылды, «Қызыл жебе» эпопеясы туды. Қазақ әйелінің биік болмыс-бітімін сомдаған «Ай мен Айша» романы өмір айнасына айналды. Бұл туындылар көркемдік қасиеттері һәм бейнешілдігінен Ш.Мұртазаны өз буыны ғана емес, ұлттық ой-қазына әлемінде алдыңғы қатарға шығарды.

Дархан МЫҢБАЙ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Қазақ әдебиетінде, көркем туындыда Тұрар Рысқұлұлының тұлғасын қаншалықты дәл көрсетсе, сол жанкешті еңбегі Шерхан Мұртазаның даңқын сондай айқын биікке асырды. Қаламгерді қайраткер, жазушыны тұлға деңгейіне жеткізді.

Өзінің балалық шағы туралы «Ай мен Айша» атты ғұмырбаяндық романында Шерағаң зұлмат жылдардың зардабы жөнінде керемет жазды. «Айша шешем кеудесінен сүт шықпай қалғанда талқанды матаға түйіп, оны суға

айтып, қазақ халқының айбарлы азаматына айналды. Жоғарғы Кеңестің, Парламент Мәжілісінің депутаты болды. Ұлттық идеологияның ұраншысы болып, қазақ әдебиеті мен журналистикасының жаңа дәуірде қалыптасуына зор үлес қосты. Бір сөзбен айтқанда, Әбіш Кекілбайұлы айтқандай, «алдаспандай жарқылдаған сайыпқыран шешендердің бірі» болды.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Шерхан Мұртазаның қаламгерлік қасиеті – ұлтты сүю. Оның өсиеті де ұлттық мұра. Ғұлама ойдың дүлдүлі, кесемсөзгерлігі дүдәмал ой мен жорамал сөздерден емес, азаматтық парыз міндеттен, перзенттік асыл қағидадан өрілген. Қаламгердің шығармашылық мектебі әлдеқашан қалыптасқан. Бұл күнде оның рухани шәкірттері де тұлғаға айналды.

Ол қарамағындағы қызметкерлердің тежелген қаламына жан бітіріп, қадамын ашты. Оның қалың қабағының астында таусылмас ой-пікірлердің қоры ұялағандай еді.

Ол журналистердің еңбектеріне қатты қалам батырмайтын. Себебі әр журналистің тұлға болып қалыптасуына қолдау көрсететін. Әркімнің өз стилімен газет көркем шығарынын дәлелдеп отыратын. Ол «Газет халықтық стилін сақтау керек, газет – халықтыкі. Сөйлемдегі сауатсыз жазылған бір сөз бүкіл шығарманың шырайын бұзады» дейтін.

Ол «Қазақта биік шаңырақты алты қанат киіз үй болады. «Социалистік Қазақстан» биік шаңырақ болса, сіздер соның уық, керегелерісіздер. Міне, сіздердің әрбір қаламдарыңыз, жазған мақалаларыңыз біздің ортақ қара шаңырағымыздың қасиетті тіреуіне айналуы тиіс. Сонда ғана газетіміздің бейнесі сомдала түседі. Әр редактор – дара тұлға. Редакторлардың көзқарастары ұқсас болғанымен, алға қойған міндеттері мен оны шешу әдістері әрқалай. Мақсаттары мен бағыттары да бірыңғай болады», – деп, журналистердің жауапкершілігін арттырып, қанаттандырып отырған.

Бір ғажабы, Шерхан Мұртаза басшылық еткен газет-журналдардың барлығы жаңаша сипат алып, қай түрі болсын гүлденіп, жаңарып, көркемделіп, азуланып шыға келетін. Сол тұста өрбіген өткір мәселелер газет бетінде айрықша ерекшелікпен шыға бастады.

жетіп жатты. «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!» атты толғауын елі сілтідей тынып тыңдады. Ал аудармалары ше, шын шеберліктің үлгісі еді. Шыңғыс Айтматовты Шерағаңдай ана тілімізге көркемдік құнарын сақтап, шынайы, төгілте аударған ешкім жоқ.

«Бір кем дүние...» атты толғаулы туындысында Шерағаң былай деп жазды: «Рухтың анасы – ана тіліндегі кітап. Ана тіліндегі кітаптың уызымен ауызданбаған шенеунікте ұлттық рух қайдан болсын!» Екінші сөзі: «Бір адамның рухсыз болуы – сор, ал тұтас ұлттың рухынан айырылуы – қасірет», – деп еді. Осы қасіреттен туған ұлымды қайтсем құтқарып қаламын деген ұлы мақсаттың жетегінде Шерағаң бүкіл ғұмырын қалам еңбегіне, жазушылыққа арнады.

Тәуелсіздікке дейін де, тәуелсіздік алғаннан кейін де осы мақсатынан бір елі шегінген жоқ. Сондықтан да Шерхан Мұртазаның әрбір көркем туындысы қазақтың төрінде мәңгілік тұрағына көзім толық жетеді. XX ғасыр деп аталатын қиямет заманның перзенті, ғұмыр бойы тек шындықты ғана жазып өткен Шерхан Мұртазаның бізге аманаттаған мол әдеби мұрасының құны ешқашан төмендемейді.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,

ақын, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

– Менің республика парламентінде соңғы бір-екі жыл келемінде Шерағамызбен қатар отыру бақытына ие болған әріптесінісі ретінде аңғарған, көңілге түйген жайларым бар. Жоғарғы

демесіннен құтылғысы келгені немесе «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деп қойып кетер тәуекелі емес. Бұл сөздердің астарында әркез мына жерүсті тіршілігіне қатал мінез, қырағы көзімен қараудан әлте жаңылмайтын суреткер болмысы жатқанын байқаймыз. Осынау ойлы, тамыры тереңге кетер, азаматтық рух пен адамгершілік абзал қасиеттерге бай, мына қиын да күрделі заман жайынан, сол заманмен бетпе-бет келіп отырған халық тағдыры, оның бүгіні мен ертеңі жайынан кейде сыр, кейде шер толғайтын, парасатты, шыншыл, тегеурінді сөздер көбіне өрттей ыстық, жалындай алаулы келеді.

Жасқанбай, ықпай, ел намысын, жер намысын қорғау, сөйте тұра, беталды байбаламға барып, басқаның жүйкесін жемей, оңы-солын тең ұстар саяси биікке көтеріліп сөйлеу де Шерағаңның көпқырлы парламенттік мінезінің бір арнасы тәрізді. Бұл қасиеттер, әсіресе, «Жер туралы кодекс», «Азаматтық туралы», «Тәуелсіздік туралы» заңдар және Конституцияның алғашқы жобасы талқылауға түскен кезеңдерде анық аңғарылды.

Қали СӘРСЕНБАЙ,

«Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы:

– Шерхан Мұртазаның редакторлығы кезінде «Егемен Қазақстанда» «Бір ауыз сөз» деген айдар ашылды. Осы айдар жылдар өте жазушының «Бір кем дүние» атты кітабын жазуға себепші болды. «Бір ауыз сөз» кезінде соның хабаршысындай болған екен ғой. Осы айдардың тұсаукесерінен

Валерий Бадмаев – философия ғылымының докторы, профессор, Қалмақ мемлекеттік университетінің Философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі. Ресей Федерациясының жоғары кәсіби білім берудегі құрметті қызметкері. Қалмақ Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы шақырылған профессор.

Федерациясы, Білім және ғылым министрлігі мен Ресей Ғылым академиясы, Этносаралық және дін-аралық мәселелер ғылыми орталығының сарапшысы. Қалмақ Республикасындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастар

Көпжылдық бидайдың тиімділігі жоғары

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары «Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысында биоалуантүрлілік пен топырақтың құнарлылығын сақтауда көпжылдық бидайды егіншілікке енгізу» ғылыми жобасының аясында Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарына көпжылдық бидай дақылын егіп, тұқымын көбейту үстінде. Қазіргі уақытта біржылдық дақылдардың өнімді жақсы беруіне қарамастан, экологиялық жағдайға және топырақ эрозиясына өкелетіні белгілі. Сондықтан ғалымдар көпжылдық дақылдарды өсіру арқылы топырақты бүлінуден сақтау мақсатында қарқынды зерттей бастады.



Америкалық ғалымдар біржылдық бидай мен бидайықты будандастыру арқылы көпжылдық бидай алған, қазіргі таңда зерттеу бағдарламалары мен жобалары аясында көпжылдық бидай түрлерін өсіру мен зерттеуге қызығушылықтары күннен-күнге артуда. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде қырықтан астам зерттеу орталықтары көпжылдық дақылдарды зерттеумен айналысады. Осы орайда, Қазақстан ғалымдары да алғаш рет елімізде көпжылдық бидай дақылын егіншілікке енгізуді жоспарлап отыр.

Ғылыми жоба жетекшісі, Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымының докторы, қауымдастырылған профессор Меруерт Құрманбаева көпжылдық бидай тұқымын АҚШ-тағы Канзас штатының Жер институтынан алдырған. Жобаны Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мен Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғалымдары бірлесіп орындап жатыр. 2021 жылы егілген көпжылдық бидай дақылы биыл екінші жыл қатарынан өнімділік беріп келеді. Мұндай дақылдың ең басты ерекшелігі – жыл сайынғы жер жырту мен дақылды егу жұмыстарын қажет етпейді. Көпжылдық

дақылдар топырақтың құрамын бұзбай, топырақ биоалуантүрлілігіне оң ықпал ететіні дәлелденген. Сонымен қатар көпжылдық дақылдарда жерүсті биомассасының көбірек өндірілуі мал шаруашылығында қолданысын арттырады.

Көпжылдық дақылдардың біржылдық дақылдардан артықшылығы – оларда тамыр жүйесі жақсы дамыған және топырақтың сапасын жақсарту, көміртектің сіңуін арттыру және судың енуін қамтамасыз етуде ықпалы зор. Тұқымынан бөлек, жерүсті бөлігі еліміздегі жемшөп тапшылығы мәселесіне оң әсерін тигізетіні айқын. Көпжылдық дақылдар бес жыл қатарынан өнімділік беру қасиетіне ие. Бидайдың осындай түрін өсірудің экономикалық және экологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оны өсірудің және елімізде егіншілікке енгізудің маңыздылығы жоғары.

Дамира ЮСАЕВА,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.к.

Әділ ҚҰСМАНҒАЗИНОВ,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының PhD докторанты, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, жобаның кіші ғылыми қызметкері

Тың идеялар тууына түрткі болған білім ордасы



саласындағы Этникалық істер жөніндегі федералдық агенттіктің (FADN) сарапшысы.

– Айта кету керек, шақырылған профессорлардың ынтымақтастығы тек ҚазҰУ-дың жоғары мәртебесіне негізделмейді. ҚазҰУ – тың идеялардың тууына түрткі болған бірегей білім ордасы. Өйтпесе Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық QS World University Rankings рейтингінде 150-орынға ие және QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдызды» алған Орталық Азия аймағындағы (бірқатар көрсеткіштер бойынша: оқыту, жұмысқа қабілеттілік, ғылыми-зерттеу, интернационалдандыру, өнер және мәдениет, инновация, заманауи тілдер) алғашқы және жалғыз университет екені онсыз да мәлім. Философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, профессор Айнұр Құрманалиева және профессор Зухра Исмағамбетова т.б. көптеген әріптестер менің жаңа зерттеу тақырыптарын табуыма, ғылыми білім беру жобаларын жасауыма мұрындық болды. Мәселен, ғылыми грантқа бірлескен өтінімді дайындау, бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу, халықаралық мәліметтер базасында (Web of Science, Scopus) индекстелген журналдардың бірінің арнайы тақырыптық нөмірін дайындау жұмыстарын атауға болады, – деді ғалым.

Қазіргі уақытта профессор екі ғылыми жобаның жетекшісі. Бірі: «Ресей және будда әлемі философиялық шығыстану дискурсында» жобасы (Ресей ғылыми қорының қолдауымен 2019 жылдан бері жүзеге асырылуда) Ресей мен будда әлемінің өзара әрекеттесуін философиялық және мәдени талдау міндетін алға қояды. Ресейдегі еуразиялық өркениеттің қалыптасуы мен дамуындағы буддалық фактордың рөлі қамтылады. Ал екіншісі: «Моңғол этникалық топтарының философиясы» жобасы (Ресей іргелі зерттеулер қорының қолдауымен 2020 жылдан бастап жүзеге асырылуда) Ресей, Моңғолия және Қытайдағы моңғол этникалық топтарының философиялық дәстүрлерін зерттеуге бағытталған. Бұл халықаралық жоба – Қалмақ мемлекеттік университетінің (Ресей, Элиста), Шығыс Сібір мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің (Ресей, Улан-Удэ) және Моңғолия Ғылым академиясы Философия институтының (Моңғолия, Улан-Батыр) ғалым-зерттеушілерін бір арнаға тоғыстырады.

– Біздің ынтымақтастығымыз, бірлескен жұмысымыз халықаралық академиялық ұтқырлықты дамытуға, университеттеріміздің әлеуетін нығайтуға, жаһандық рейтингтерде ілгерілеуге септігін тигізетініне сенімдімін, – деп сөзін қорытындылады профессор.

Нұрбек НҰРЖАН

дастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған «Қазақстан мәдениеттану ғылымы: қалыптасуы, мәселелері және болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы; сосын «Дінтанудағы заманауи үрдістер. Дағдыдан кейінгі уақыттың қиындықтары: антропологиялық дискурс» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы т.б. іс-шаралар мен жобаларда төбе көрсетіп, өз үлесімді тигіздім, – деді профессор.

Валерий Бадмаев 1999 жылдан 2007 жылға дейін Ресей Ғылым академиясының Қалмақ гуманитарлық зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері міндетін атқарған. Қалмақ әлеуметтік-экономикалық және құқықтық зерттеулер институтының ғылыми хатшысы, директор орынбасары, құқықтық және саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде болды.

Екі жүзден астам ғылыми және оқу жұмысының, оның ішінде бес ғылыми монографияның авторы. РФ Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестаттау комиссиясының тізіміне енгізілген жетекші рецензияланған ғылыми журналдар редакциялық алқасының мүшесі. Атап айтар болсақ, олар: Қалмақ университетінің «Хабаршысы», «Кавказдың ғылыми ойы», Адыгей университетінің «Хабаршысы», Майкоп мемлекеттік технологиялық университетінің «Хабаршысы» т.б. Ғалым 2009 жылдан бастап осы күнге дейін білім алушыларға философия ғылымдары бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларға ғылыми жетекшілік етуде.

Ғалым сонымен қатар Ресейлік гуманитарлық ғылым қорының, Ресей іргелі зерттеулер қорының, Ресей ғылыми қорының сарапшысы. Ол 2013 жылдан бастап Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-техникалық саладағы сарапшылардың федералды тізімінде аккредиттелген. Ресей

Ғалым 1996 жылы Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей мемлекеттік басқару академиясында философия ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Ұлттық идентификацияның философиялық мәселесі» тақырыбында диссертация қорғаған. Ал 2005 жылы Волгоград мемлекеттік университетінде философия ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Ұлттық бірегейлік феномені: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбында диссертация қорғады. 2007-2012 жылдары Майкоп мемлекеттік технологиялық университетінің профессоры атанды. 2009 жылдан бастап Қалмақ мемлекеттік университетінің Философия және мәдениеттану кафедрасының профессоры. Ал 2011 жылы ҚалМУ Философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі болып сайланды. Валерий Бадмаевтың ғылыми мүддесі – ұлттық бірегейлік, мәдениеттер диалогі, этномәдени қауіпсіздік.

– Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен 2013 жылы халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында ынтымақтастығым басталды. 2021 жылы осы бағдарлама арқылы білім ордасына екінші мәрте қайта оралдым. Сонда ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің магистранттары мен докторанттарына «Буддизм философиясы және мәдениеті» атты тақырыпта дәріс оқыдым. Сондай-ақ диссертациялық зерттеулерді дайындау, ғылыми гранттар конкурсына қатысу бойынша ғылыми-практикалық семинар жөнінде кеңес өткіздім. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың ҚазҰУ-да дәріс беретін шетелдік профессорлар мен ғалымдармен кездесуіне, III Қазақстан философиялық конгресіне, сондай-ақ бірқатар ғылыми іс-шараларға қатыстым. Атап айтсам, ҚазҰУ-да Мәдениеттану кафедрасының ұйым-

What are the 6 C-s of the 21st century competencies?

People are always worrying about the future. One of the reasons for this anxiety is the fact that humanity now lives in a world of rapid and unpredictable changes and the faster the changes the more people are uncertain about what is in the store of the future. In such a world, it's vital that young people are equipped with the right skills and competencies to be prepared to respond to the challenges of the future society. It is argued that today's skills will not match the jobs of tomorrow and newly acquired skills will quickly become obsolete. Many jobs will go to oblivion and new jobs will appear (https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed_emp/---emp_ent/documents/publication/wcms_813222.pdf).



The focus of attention of researchers around the world (sociologists, business community, psychologists, educators, etc.) is currently the following questions: *what are the features of the society of the future? What qualities of a persons' personality are in demand by the society of the future? What is the list of those competencies for the future that should be formed in students today? What is the interpretation of the term "21st century skills and competencies"?*

Before discussion of the 21st skills and competencies, we believe, it is necessary to delineate

between the definition: What is competence? and What is skill?

A competency is more than just knowledge or skills. The European Commission's Cedefop glossary (Cedefop, 2014) defines "skills" and "competencies" as follows: a skill is the ability to implement tasks and solve problems, while a competency is the ability to put into practice learning outcomes appropriately in a definite context (education, work, personal or professional development). A competency is a broader concept. It involves the use of theory, concepts and knowledge in combination with functional aspects as well as inter-

personal traits like social organization skills, ethical values, etc.

Competencies involve the ability to meet complex demands, by activating psychosocial resources (including skills and attitudes) in a particular context. For example, the ability to communicate effectively is a competence that is based on an individual's knowledge of language, practical IT skills and maintaining good relationships with those who he or she is communicating.

In this article, we provide the 6 C's suggested by Fullan and Scot that they believe are essential and most important for the 21st century for modern students to

succeed in school and the workplace. (Fullan & Scott, Deep Pedagogies for deep learning, 2014)

1. Character – "qualities of the individual essential for being personally effective in a complex world including: grit, tenacity, perseverance, resilience, reliability, and honesty."

2. Citizenship – "thinking like global citizens, considering global issues based on a deep understanding of diverse values with genuine interest in engaging with others to solve complex problems that impact human and environmental sustainability."

3. Communication – the "mas-

tery of three fluencies: digital, writing, and speaking tailored for a range of audiences."

4. Critical Thinking – "critically evaluating information and arguments, seeing patterns and connections, constructing meaningful knowledge and applying it in the real world."

5. Collaboration – "the capacity to work interdependently and synergistically in teams with strong interpersonal and team related skills including effective management of team dynamics, making substantive decisions together, and learning from and contributing to the learning of others."

6. Creativity – "having an 'entrepreneurial eye' for economic and social opportunities, asking the right questions to generate novel ideas, and demonstrating leadership to pursue those ideas into practice."

Fullan & Scott point out that taken together these personal, interpersonal and cognitive capabilities identify the underpinnings needed by school and college graduates if they are to build the communities, institutions and indeed the societies that will be socially, culturally, economically as well as environmentally sustainable over the coming years (Michael Fullan and Geoff Scott <https://www.michaelfullan.ca/wp-content/uploads/2014/09/Education-Plus-A-Whitepaper-July-2014-1.pdf>).

**A.A. MULDA GALIYEVA,
SH.B.GUMAROVA,**

Department of Foreign languages

Welcome to Professor Korten's lectures!

The objective of the Distinguished Visiting Professors Program of al-Farabi KazNU is to provide a flexible framework to attract reputed scholars in the world to our university and to promote its research and education impact. The Program allows students and teachers to experience different and innovative teaching methods, make a contribution to the University's internationalization process, and establish collaboration in the field of scientific research activities.

Rarely do we have such a wonderful opportunity to collaborate with distinguished professors like Professor Korten. His program is very intensive. He is here as a research collaborator, a lecturer on "Academic Writing" and "New technologies of foreign language teaching", co-teacher of graduate

Last year (in 2020-21) our department submitted a funding proposal to be able to invite Professor Christopher Korten as a visiting professor. We were happy to obtain this funding, and now Professor Korten is here as a visiting professor for a month (October 10 - November 7, 2022).

Professor Christopher Korten completed his Master's at Cambridge (1999) and his PhD at Oxford (2006) and currently holds a professorship at Adam Mickiewicz University in Poznan, Poland. He was formerly Professor at MGIMO University in Moscow and served as Director of Academic Writing. He regularly lectures throughout the world in some of the most prestigious universities, including Oxford, Cambridge, Rome, Leuven, Hong Kong, Trinity College Dublin, and Warsaw. In addition, he is an active writer, having published nearly 30 scholarly articles. His has twelve publi-



cations in high rank Web of Science journals and a book "In the Eye of the Storm: The History of the Irish College, Rome, 1772-1826", (Peeter's Press, 2021), listed among top Academic press.

He has recently completed a chapter for the Cambridge History of the Papacy, a three-volume series, in which he wrote on Italian unification in the 19th century. He is also working on two books, one of which is a biography of a 19th-century Catholic pope; the other is Russian diplomatic history under Nicolas I. He also plans to co-author an article or two with our faculty dealing with cultural issues of translation into and from English.

courses and advanced undergraduate courses and consultant on writing research papers for Scopus journals. In addition, Professor Korten's work plan includes a discussion of research projects with graduate students, training them to develop research concepts and methodologies, and writing grant proposals and papers for publication. We hope very much that we will be able to establish a long-term collaboration with Professor Korten and heighten the scientific reputation of our department and University.

A. MULDA GALIYEVA,

M. TLEULINOVA,

Foreign Language Department

(Love all mankind, brother)

Abay Kunanbayly

We are proud that Kazakhstan is a multinational state with the representatives of 130 nationalities living peacefully with each other under one roof. Kazakhstan maintains fraternal relationships with all Central Asian countries and Turkmenistan is one of them. One of the firm indicators of this friendship is enrollment of Turkmen students in al-Farabi KazNU.

This academic year, 17 students from Turkmenistan came to study at the Faculty of Philology. Their choice was the specialty of "Translation Studies", which is taught by the Department of Foreign Philology and Translation Studies of our university. On October 4, 2022 at the initiative of the Philology Faculty Dean and senior teacher of the department of foreign philology, candidate of philological sciences Bayeli Asel Zharylkasynovna an event the key message of which was "KazNU is a place of friendship between Kazakhstan and Turkmenistan" was organized. The purpose of this educational event was integration of Turkmenistan students into a big and friendly community of KazNU students and say to them "You are welcome to our Philological Faculty!". The participants were the 1st year Turkmenistan students and Philological faculty students.

The event started with the students' performance of the Kazakhstan and Turkmenistan national anthems. Then the participants listened to the presentation about their native land

KazNU is a friendship place between Kazakhstan and Turkmenistan



prepared by Yuldashev Ravshabek and Sabirova Shahista. It was an interesting educational story about Turkmenistan. KazNU students could learn many interesting facts about this country and their culture. A group of Turkmen students performed their national songs and showed amazing folk dances. The audience was greatly impressed when Khoshgeldieva and Begmuradova Mahri recited the poems by poet Makthymkuly (nickname - Fragi) in Turkmen language. Makthymkuly is a classic poet of the Turkmen people who lived in the 18th century. He was a classic of Turkmen literature whose name stands alongside with the great poets of the East, Firdousi, Saghdi, Nizami, Nawai. The most favorite part of the event for those present was tasting of national Turkmen dishes. The atmosphere of the event was highly emotional and inspirational!

Among participant of the event was the Honored Guest - Annakuliyeva Gulnara Ataevna, candidate of economic sciences,

academician, organizer and head of the Turkmen public and cultural fund in Almaty, member of the Assembly of Peoples of Kazakhstan, holder of the 2nd degree of the Order of Friendship. The event was very successful and exciting. Acquaintance with Turkmenistan and its culture was interesting and useful!

From year to year an increasing number of students from abroad choose to study at al-Farabi University. One of the challenges International students face in a host University is their adaptation to a new environment. It is therefore particularly important to provide domestic and international students with opportunities to meet each other in a wide range of extracurricular activities. Hopefully, the event under the name "You are welcome to our Philological Faculty" will promote the successful integration of Turkmen students into our University community.

Assel BAIELI,
The department of foreign philology and translation studies

Тарихи маңызы зор мереке

Шығыстану факультетінің ТҮРКСОЙ кафедрасында «Түркия Республикасына – 99 жыл» атты салтанатты кеш өтті. Мерекелік шараға шығыстану факультетінің деканы м.а., т.ғ.к., доцент Наталья Ем, Түркияның Кыршехир Ахи Евран университетінің оқытушылары, PhD Осман Кабадайы, PhD Джерен Кабадайы, кафедрамыздың қонақ-оқытушылары, PhD Кошумджу Селенай мен PhD Нуреддин Чакыр, ТҮРКСОЙ кафедрасының оқытушы профессор-құрамы мен студенттері қатысты.



тынасы жөнінде әсерлі әңгіме берді.

Тарихи тағылымға толы бауырлас Түрік елінің аты аңызға айналған ұлы көшбасшысы Мұстафа Кемал Ататүрік пен оның майдандас достары және ұлт-азаттық жүресте ерен ерлік көрсеткен жауынгерлер туралы деректі фильм көрсетілді. Мерекелік кеште Түркияның патриоттық әндері шырқалып, түрік ақындарының жалынды жырлары оқылды. Атап айтқанда, ТҮРКСОЙ кафедрасының студенттері Түркия Республика-

сының негізін салушы және XX ғасырдың ұлы қолбасшысы Мұстафа Кемал Ататүріктің жалынды сөздерін жатқа оқыды. 4-курс студенті Назерке Мамықова түріктің ұлы ақыны Мехмет Акиф Ерсойдың «Шанаққала шашиттарына» атты поэмасын жатқа оқыса, 3-курс студенті Жаннұр Мұратова «Он жылдық марш» пен «Тау басын тұман торлады» әндерін, ал 2-курс студенті Анар Асан «Бұлбұлым алтын қапаста» әнін нақышына келтіре орындады. 1-курс студенттері билеген «Түрік халық биі» көрермендер көңілінен шықты.

Алтыншаш ҚҰРМАНӘЛІ,
ТҮРКСОЙ кафедрасының доценті, PhD

Жеңісбек ӘБЕЛДАЕВ,
ТҮРКСОЙ кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Факультет деканы м.а. Наталья Ем салтанатты жиынды құттықтау сөзбен ашып, Түркияның XX ғасырдың басынан қазірге дейінгі даму жолына тоқталды. Сондай-ақ Түркияның Таяу Шығыстағы маңызды саяси рөлін, қазақ-түрік достығының мызғымастығын ерекше атап өтті. ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісі, PhD Кенжебек Төлепбергенұлы мерекенің тарихи маңызын тілге тиек етіп, Түркия мен Қазақстан арақа-

Серік самбодан жүлдегер атанды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің 2-курс студенті Серік Әбдімәжит самбодан жастар арасында Армения астанасы Ереван қаласында өткен әлем чемпионатында қола медаль жеңіп алды.



нің 24 елінен 500-ден астам үздік балуан жиналды.

Жеңіс тұғырына көтерілген



жас спортшы: «Бұл мен үшін жауапты жарыс болды және онда кәсібилігім мен төзімділігімді дәлелдеуім керек болды. Намысқа тырыстым. Барлық спортшылардың дайындығы өте мықты екен

және барлығы жақсы нәтиже көрсетті. Мені дайындаған және қолдаған жаттықтырушыларым мен ұстаздарыма алғысым шексіз», – деп жарыстан кейінгі әсерімен бөлісті.



Самбодан жастар чемпионаты 14-16 қазан аралығында өтіп, онда 55 медаль жеңімпаздарға тапсырылды. ҚазҰУ студенті Серік Әбдімәжит 71 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, көптеген мықты балуандарды жеңді.

Жеңімпаз студентімізді құттықтаймыз және спортта, оқуда табыс тілейміз!

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.